

## Иран Ислам Республикасына ізгілік көмегін көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1353 қаулысы

Иран Ислам Республикасында 2003 жылғы 26 желтоқсанда болған жер сілкінісінен зардап шеккен адамдарға ізгілік көмегін көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі ізгілік көмегін көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен 1-қосымшаға сәйкес материалдық құндылықтарды шығарсын. <\*>

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.04. N 1021**

қаулысымен .

1-1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі ізгілік көмек көрсету үшін 2-қосымшаға сәйкес дәрі-дәрмектер мен таңу құралдарын шығарсын. <\*>

**Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.04. N 1021**

қаулысымен .

1-2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ізгілік көмек көрсету үшін 3-қосымшаға сәйкес шатырлар бөлсін. <\*>

**Ескерту. 1-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.04. N 1021**

қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі ізгілік көмек жүгінің Алматы қаласынан Иран Ислам Республикасының Керман әуежайына жедел жеткізілуін қамтамасыз етсін.

3. 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне ізгілік жүгін Иран Ислам Республикасына тасымалдаумен байланысты шығыстарды өтеу үшін 6940000 (алты миллион тоғыз жүз қырық мың) теңге сомасында ақшалай қаражат бөлінсін.

4. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес бөлінетін қаражат шегінде ізгілік көмек көрсету үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Алматы қаласы - Иран Ислам Республикасының Керман әуежайы бағыты бойынша материалдық құндылықтарды авиациялық тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуші болып "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Иран Ислам Республикасына ізгілік көмек көрсетумен байланысты материалдық құндылықтардың құнын өтеу үшін қаражат бөлу туралы шешімнің жобасын енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өз құзыреті шегінде осы қаулыны орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3            ж ы л ғ ы            3 0            ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№        1 3 5 3            қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

### **Материалдық құндылықтардың тізбесі**

1. Арнайы жылы киім - 500 дана мақтадан тігілген күрте.

2. Арнайы жылы киім - 500 дана мақтадан тігілген шалбар.

3. Арнайы жылы киім - 500 жұп жүн қолғап.

4. Керзі етік - 500 жұп.

5. Жылытқыш пеш - 200 дана.

6. Палатка - 17 дана.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3            ж ы л ғ ы            3 0            ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№        1 3 5 3            қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.04. N 1021 қаулысымен .**

### **Ізгілік көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмектер мен тағу құралдарының тізбесі**

1. Глюкозалар 40 % е-ді 5 мл N 10 - 5802 орама.

2. Глюкозалар 40 % е-ді 10 мл N 10 - 36 орама.

3. Кофеин - натрий бензоаты 10 % е-ді 1 мл N 10 - 1080 орама.

4. Кофеин - натрий бензоаты 20 % е-ді 1 мл N 10 - 540 орама.

5. Лидокаин 2 % е-ді 2 мл-ден N 10 - 500 орама.
6. Новакаин 0,5 % е-ді 5 мл-ден N 10 - 10885 орама.
7. Супрастин 20 мг 1 мл-лік N 5 - 563 орама.
8. Стрептоцид (ұнтақ) - 12 килограмм.
9. Эуфиллин 2,4 % е-ді 10 мл-ден - 300 орама.
10. Ампициллин натрий тұзы 500 мың бірлік - 650 флакон.
11. Бензилпенициллин натрий тұзы 1 млн. бірлік - 12000 флакон.
12. Бензатин пенициллині 2,4 млн. бірлік - 27021 флакон.
13. Левомецетин 0,25 N 10 - 3000 орама.
14. Эритромицин 250 мың бірлік N 10 - 2000 конверт.
15. Полиглюкин 200 мл, 400 мл - 639,6 лит.
16. Дәкелік бинт стерилденбеген 7м x 14 см - 11295 дана.
17. Дәкелік бинт стерилденбеген 10 см x 14 см - 1963 дана.
18. Медициналық гигроскопиялық ағартылған дәке - 12000 метр.
19. Медициналық хирургиялық мақта, көзге арналған - 800 килограмм.
20. Хирургиялық стерилденген жібек жіптің ұзындығы 1,25 N 7 - 2000 ампула.
21. Хирургиялық стерилденген жібек жіптің ұзындығы 1,25 N 6 - 3000 ампула.
22. Хирургиялық стерилденген жібек жіптің ұзындығы 1,25 N 4 - 3200 ампула.
23. Өңделген стерилденген кетгут жіптің ұзындығы 1,5 м N 4 - 800 ампула.
24. Өңделген стерилденген кетгут жіптің ұзындығы 1,5 м N 4 - 2800 ампула.
25. Өңделген стерилденген кетгут жіптің ұзындығы 1,5 м N 4 - 1400 ампула.
26. Қан құюға арналған системалар ПК-21-02 - 8470 дана.
27. Бір жолғы шприцтер 20 мл. - 2500 дана.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 30 желтоқсандағы

N 1353 қаулысына

3-қосымша

**Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.04. N 1021 қаулысымен .**

### **Материалдық құндылықтардың (шатырлар) тізбесі**

1. Шатырлар БСБ - 56 (бірегей санитарлық-барактық - 1956 жылғы үлгідегі) - 10 дана .
2. Шатырлар БСБ - 56 (бірегей санитарлық-барактық - 1956 жылғы үлгідегі) - 10 дана.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК